

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 63/8 "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 80/8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 желтоқсанда № 6828 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 106 және 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 63/8 шешіміне (2020 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5807 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 28244,4 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1560 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 26684,4мың теңге;

2) шығындар –28244,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;
 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге;
 қарыздар түсімі – 0 мың теңге;
 қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге."

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
 Мамлют ауданы мәслихаты
 сессиясының төрағасы
 Солтүстік Қазақстан облысы
 Мамлют ауданы мәслихатының хатшысы

А. Кошанов

Р. Нурмуқанова

Солтүстік Қазақстан облысы
 Мамлют ауданы мәслихатының
 2020 жылғы 15 желтоқсандағы
 № 80/8 шешіміне
 қосымша
 Солтүстік Қазақстан облысы
 Мамлют ауданы мәслихатының
 2019 жылғы 31 желтоқсандағы
 № 63/8 шешіміне
 1-қосымша

**2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы
 Краснознамен ауылдық округінің бюджеті**

| Санаты | | | Атауы | Сомасы , мың теңге |
|--------|--------|-------------|--|--------------------------|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | 1) Кірістер | 28244,4 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 1560 |
| | 01 | | Табыс салығы | 66 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 66 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1494 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 15 |
| | | 3 | Жер салығы | 70 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1409 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 0 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 26684,4 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 26684,4 |

| | | | | |
|-------------------|-------------------------------------|------------|---|-------------------------|
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 26684,4 |
| Функционалдық топ | | | Атауы | Сомасы, мың теңге |
| | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | Бағдарлама | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | 2) Шығыстар | 28244,4 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 16686,4 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 16686,4 |
| | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 16386,4 |
| | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 300 |
| 04 | | | Білім беру | 1088 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1088 |
| | | 005 | Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру | 1088 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 6974 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 6974 |
| | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 5174 |
| | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 300 |
| | | 014 | Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру | 1500 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 2201 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2201 |
| | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 2201 |
| 13 | | | Басқалар | 1295 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1295 |
| | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 1295 |
| | | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | | 4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | | 5) Бюджет тапшылығы (профициті) | 0 |
| | | | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0 |
| 7 | | | Қарыздар түсімі | 0 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| Санаты | | | | |

| Сыныбы | | Атауы | Сомасы , мың теңге |
|--------|-------------|--|--------------------------|
| | Кіші сыныбы | | |
| 8 | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0 |
| | 01 | Бюджет қаражаты қалдықтары | 0 |
| | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК